

КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№19 Б. МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ
Б. МАЙЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА

Қаулығағаны: ауылда, Б. Майлин көмесі, №50
Тел: 7-81-26

«Қаулығағаны: Б. Майлин, №50
Тел: 7-81-26

№ 31.08.2022

№ 137

Мектепте «1 қыркүйек-Білім күні»
мерекесін өткізу туралы

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» нұсқаулыққа сәйкес, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 31.08.2021 жылғы №199-н/к бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «1 Қыркүйек –Білім күні мерекесі» 1 қыркүйек күні «Оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері» тақырыбы аясында алғашқы сабақ «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында барлық сыныптарда бірінғай ұйымдастырылсын.
2. Мектепте 2021 жылдың 1 қыркүйек күні мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге салтанатты түрде санитарлық талаптарды сақтай отырып «Әліппе» және «Букварь» оқулықтары табыс етілсін.
3. 2021 жылдың 1 қыркүйек күні сағ: 9-00 де «Алғашқы қоңырау» мерекесі мектеп қабырғасында тек 1-ші сыныптарға өткізілсін.
4. Санитарлық талаптарды назарға алып, ата-аналар мен заңды өкілдері арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
5. Алғашқы қоңырау мерекелік іс-шара барысында қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында санитарлық талаптарды, антисептик құралдарын,маскалы режимді сақтауды ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары Қ.Налиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін.
6. Іс-шараның барысында жарылғыш,тез тұтанғыш,өткір,адам өміріне қауіпті өзге де заттарды тұтынуға тыйым салу туралы ата-аналар мен білім алушылар арасында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары Қ.Налиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін.
7. Атқарылған жұмыстар жайлы мәліметті а.ж 2 қыркүйек күні сағат 15-00 ден кешіктірмей Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің тәрбие секторына тапсыру директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары Қ.Налиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:

К.Оралова



Келес ауданының адами
әлеуетті дамыту бөлімінің
басшысы Б. Абдиевке
№19 Б.Майлин атындағы
жалпы орта білім беретін мектебінің
әкімшілігінен

М Ә Л І М Е Т

1. 2021 жылдың 1-қыркүйек күні сағат 09:00 де «Алғашқы қонырау» мерекесінде мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1- сынып бүлдіршіндеріне салтанатты түрде санитарлық талаптарды сақтай отырып «Әліппе» оқулығын табыстау салтанатты іс-шарасы және 2-11 сынып оқушыларына «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

2. Іс-шара барысында қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында санитарлық талаптарды, маскалы режимді сақтау туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілгенін мәлімдеймін.

Мектеп директоры



К. Оралова

№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Кел балалар, оқылық» тақырыбында 2020-2022 оқу жылының «Алғашқы қоңырау» мерекесін салтанатты жиынның іс-шара жоспары.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Уақыты	Орындаушылар мен жауаптылар
1	Мереке өтетін жерлерді безендіру	8:00	Мектеп ұжымы
2	Ұйымдастыру кезеңі	8:10	Ұйымдастырушы педагог
3	Қонақтарды күтіп алу	8:15	К. Тұрғынбаев
4	Салтанатты сапқа тұрғызу	8:30	Сынып жетекшілер
5	1-сыныптарды салтанатты күтіп алу	8:35	Б.Азимбетов
6	Мемлекеттік Туды алып шығу	8:40	ДТДЖО
7	Мерекелік жиынды ашу	8:45	Қонақтар
8	Құттықтаулар	8:50	Т. Спатаев
9	Мерекелік іс-шара	9:20	Оқушылар
10	1-сыныптардың құттықтаулары	9:30	Оқушылар
11	Алғашқы қоңырау соғу рәсімі	9:40	ДТДЖО
12	Жиынды жабу.	9:45	К. Тұрғынбаев
	Қонақтарды шығарып салу.		

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде салтанатты түрде
атап өткен «Білім күні» мерекелері

01.09.2021ж

ХАТТАМА №

Қатысқандар: 1 сынып оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер

2021 жылдың 01 қыркүйек күні «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымында оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» нұсқаулыққа сәйкес, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 31.08.2021 жылғы №199-/қ бұйрығын орындау мақсатында бұйрық, іс-шара жасап бекітілді. Салтанатты жиын «Кел балалар –оқулық» атты тақырыбында мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге салтанатты түрде санитарлық талаптарды сақтай отырып «Әліппе» және «Букварь» оқулықтары табысталды. «Алғашқы қоңырау» мерекесі бірінші сынып оқушылары және ата-аналарының санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып салтанатты түрде атап өтілді. 2-11 сынып оқушыларына «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тақырыбында ашық тәрбие сағаттары болды. Барлық сынып жетекшілер ашық тәрбие сағаттарын өз дәрежесінде өтті.

ДТДЖО:



Қ. Нәлиев

Аға тәлімгер:

Т. Имамбердиев







**№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім
беретін орта мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесіндегі
«Ұстаз деген Жарқынкүні ғаламның»
атты мұғалімдер күні мерекесіне
арналған салттанатты
жиынының сценаріі**

2021-2022 оқу жылы

Ұстаз деген Жарқынкүні ғаламның

Әнуран.

1-жүргізуші: Міне жадырап жаз өтіп, күз де келіп жетті. Табиғаттың осы бір жыл мезгілін әркім-ақ сыңғырлаған жез қоңырау үнімен, мектептегі мұғалімдер мен оқушылардың қарбалас, сағыныса табысқан қуанышты қатарлас келетін мұғалімдер күні де күздің үлесіне келіпті.

2-жүргізуші: Құрметті ұстаз қауымы! Сіздерді қыркүйек айында өтетін мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез-келген шәкірт ұстазымен мақтанады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз.

1-жүргізуші: Мерекемізді ашып беру үшін сөз кезегін мектебіміздің директоры Оралова Камила апайға береміз. Директордың оқу ісі жөнінде орынбасары Асилбекова Айгерім апайға сөз кезегін береміз.

Баяндама: Оқушылар комитетінің төрайымы: Сапарбек Ару

2-жүргізуші: Бұлбұл әншіміз ұстаздарына деген жылы лебізі мен шәкірттік асқақ махаббатын әсем әнімен жеткізгісі келеді.

Ән:-----

1-жүргізуші: Қазақ қызы күлімдер күн көзіндей

Дөңгеленіп билейді ай жүзіндей

Жұлдыздардай өрнекті аспандағы

Биші қыздар бұрала билейді би

Би:-----

2-жүргізуші: Ұстазсың жанда сөнбек күн

Шәкіртсіз өмір-сусыз жер

Көрінбес ғажап еңбектің

Бейнетін кешіп жүрсіздер-дей отыра ендігі кезекті хорға

береміз.

Хор:-----

1-жүргізуші: Құлақтан кіріп бойды алар

Өсем ән мен тәтті күй

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсең менше сүй деп.-Құрманғазы атамыз айтып
өткендей келесі кезекті әнге береміз.

Ән:-----

2-жүргізуші: Шәкірттеріне аса мейірімді, сөзіне берік, шыншыл мінезді,
жүрегі батыр, өнегелі асыл, жаны жомарт, пейілі дархан, ерен еңбекшіл,
байламы берік, ойы өткір ұстаздар төл.Мерекелеріңіз тағы да құтты болсын.

Құтықтаулар: 11-сынып оқушыларының құттықтау сөз кезегіне береміз!

1-жүргізуші: Ұстаз-ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен, тәлім-тәрбие
беру, жақсы қасиеттерді бойына дәрітіп, адамгершілік рухта бағыт-бағдар
беруде ұстаздық еңбегі зор. Сондықтан да қасиетті тұлға ретінде
ерекшеленеді.

Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек!
Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Би:-----

2-жүргізуші: Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры
Б.Момышұлы: «Ұстаздық ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді.
Болашақтың басшысын да кеншісінде ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген
аналарды қандай ардақтасан, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай
ардақтауға міндеттіміз».

1-жүргізуші: Келесі кезекті ----- береміз.

1-жүргізуші: Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілің,
әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам мұғалім. Ендеше өз ісіне
берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкірттің жанына нұр

құйып, өмірге өзі де бақытты болсын, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жолы да жөні де болсын.

2-жүргізуші: Келесі кезекте -----

2-жүргізуші: Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

1-жүргізуші: Мерекелеріңіз құтты болсын. Сөз соңында сіздерге ұзақ өмір, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз.

2-жүргізуші: Жұмыстарыңызға табыс, еңбектеріңізге жеміс тілейміз!!!!!!!

1-жүргізуші: Ұстаздар мерекесіне арналған салтанатты жиынымызды жабық деп жариялаймыз.

2-жүргізуші: Жиынымызды жауып беру үшін Мектебіміздің директоры Оралова Камила апайға сөз кезегін береміз

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кашықтықта атап өткен
«Мұғалімдер күні» мерекесінің

01.10.2021ж

ХАТТАМА №

Қатысқандар: Мектеп оқушылар, мұғалімдер

2021 жылдың 01 қазан күні мектепте мектеп директорының №235 бұйрығыны негізінде «Ұстаз деген Жаркын күні ғаламның» атты тақырыбында «Мұғалімдер күні» мерекесін санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып мереке салттанатты түрде атап өтілді. Барлық сыныптарда қабырға газеттері тақырыпка сай жасалынып ілінді. Сонымен қоса, «Мұғалімдер күні» мерекесіне мектеп оқушылары мұғалімдерді түрлі тақпақтар мен әндерін орындап Ватсап желісі арқылы жіберді. Бастауыш сыныптары ұстаздарына арнап тақпақтар және әндерін орындады. Мұғалімдер өздерінің оқушыларының жіберген тақпақтарына ризашылықпен карап әр сынып жетекшілер өз сыныптарының атынан видео-стриминг жасап шықты. Сынып жетекшілер чатына жолдады. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушылары өздері алдын ала дайындаған өлең шумақтарын оқып берді, өте тамаша жасалғандары көрінді. Әсіресе 10 «А» сынып оқушылары жасаған видеороликтері мектеп ұстаздарын тәнті етті. Оқушылардың осы жасалған іс –әрекеттеріне карап мұғалімге деген құрметті оқушылар сезіне карауының дәлелі ретінде карауға болады.

ДТІЖО:

Аға тәлімгер:

Қ. Налиев

Т. Имамбердиев

КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№19 Б. МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ
Б. МАЙЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА

Астана қаласы, Б. Майлин атындағы №19
Тел: 7-81-26

Астана қаласы, Б. Майлин атындағы №19
Тел: 7-81-26

БҰЙРЫҚ

30.03.2021

ПРИКАЗ

№ 235

Мектепте «Мұғалімдер күні» мерекесін атап өту туралы

Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу, Қазақстанның қазіргі уақытта жетіп отырған жетістіктерін, дүниежүзілік аренадағы орнын, ұстаздардың алатын орны ерекше екенін дәріптеу мақсатында
Бұйырамын:

1. 01 қазан күні мектепте «Мұғалімдер күні» мерекесіне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылсын. Осыған байланысты қажетті іс-шара жоспар жасалынып, бекітірілсін.
2. Мерекені атап өту үшін тиісті іс-шара жоспарын жасап бекіттіру әлеуметтік педагог Ұ.Дилдабаеваға жүктелсін.
3. Мұғалімдер күні мерекесіне барлық сынып жетекшілер тәрбие сағаттар ұйымдастырып, атап өтсін.
4. Мерекелік іс-шара өтетін алаңды безендіру, электрмен қамтамасыз ету жұмыстары директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Т.Кирбасовқа жүктелсін.
5. Мерекелік іс-шара өтетін мезгілде оқушылардың тәртібін қадағалау барлық сынып жетекшілерге, жалпы тәртіпті қадағалау төмендегі мұғалімдерге жүктелсін:
 - 1) Төребеков Данияр-информатика пәні мұғалімі
 - 2) Жораев Нұрбол-тарих пәні мұғалімі
 - 3) Абдымуталиев Нұрбек-дене шынықтыру пәні мұғалімі

- 4) Ережепбай Шерзат-дене шынықтыру пәні мұғалімі
- 5) Қожабай Темір- математика пәні мұғалімі
- 6) Қыдыралиев Еламанкажы-дене шынықтыру пәні мұғалімі
6. Осы мұғалімдерге басшылық жасау әскери патриоттық жетекші-
Б.Азимбетов пен педагог-психолог А.Жакиповқа жүктелсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие істері
жөніндегі орынбасарлары Қ.Налиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Қ.Оралова



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

К. Оралова

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде
«Мұғалімдер күні» мерекесін атап өту үшін жасалған іс-шара
жоспары 2021-2022 оқу жылы

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Атқарушылар мен жауаптылар
1	Салтанатты жиынға дайындық	13.10	ДТІЖО Қ.Налиев, М.Бижигитова, ұйымдастырушы педагог С.Алимбекова, әлеуметтік педагог Ү.Дилдабаева
2	Салтанатты жиынды ашу	13.15	Мектеп директоры К.Оралова
3	Мектеп директорының құттықтауы.	13.20	Мектеп директоры К.Оралова
4	Ардагер ұстаздардың құттықтауы.	13.25	Ардагер ұстаздар, мұғалімдер
5	Мерекелік концерттік бағдарлама.	13.30	Ұстаздар, оқушылар
6	Қорытынды	13.50	Мектеп директоры К.Оралова

Жоспарды түзген: *У.Дилдабаева* Ү.Дилдабаева

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қашықтықта атап өткен
«Мұғалімдер күні» мерекесінің

01.10.2021ж

ХАТТАМА №

Қатысқандар: Мектеп оқушылар, мұғалімдер

2021 жылдың 01 қазан күні мектепте мектеп директорының №235 бұйрығыны негізінде «Ұстаз деген Жарқын күні ғаламның» атты тақырыбында «Мұғалімдер күні» мерекесін санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып мереке салттанатты түрде атап өтілді. Барлық сыныптарда қабырға газеттері тақырыпқа сай жасалынып ілінді. Сонымен қоса, «Мұғалімдер күні» мерекесіне мектеп оқушылары мұғалімдерді түрлі такпақтар мен әндерін орындап Ватсап желісі арқылы жіберді. Бастауыш сыныптары ұстаздарына арнап такпақтар және әндерін орындады. Мұғалімдер өздерінің оқушыларының жіберген такпақтарына ризашылықпен қарап әр сынып жетекшілер өз сыныптарының атынан видео-стриминг жасап шықты. Сынып жетекшілер чатына жолдады. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушылары өздері алдын ала дайындаған өлең шумақтарын оқып берді, өте тамаша жасалғандары көрінді. Әсіресе 10 «А» сынып оқушылары жасаған видеороликтері мектеп ұстаздарын тәнті етті. Оқушылардың осы жасалған іс-әрекеттеріне қарап мұғалімге деген құрметті оқушылар сезіне қарауының дәлелі ретінде қарауға болады.

ДТДЖО:

Қ. Налиев

Аға тәлімгер:

Т. Имамбердиев

№19. Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ашық
тәрбие
сағаты

СЫНЫП ЖЕТЕКШІ: ДАРБАЕВА Ұ.

**ТАҚЫРЫБЫ: «ТІЛ-ТАТУЛЫҚТЫҢ
ТІРЕГІ»**

СЫНЫБЫ: 8 «Б»

15.09.2021 Ж.

«Тіл татулықтың тірегі»- атты ашық тәрбие сағаты

8 «Б» сынып

С/мақсаты: Оқушылардың туған жерге, Отанға, ана тіліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Ұлтымыздың мәдени тарихи мураларын құрметтеуге, сақтауға үйрету. Оқушылардың туған тілге деген сүйіспеншілігін арттырып, сөз құдіретін терең түсінуге, тапқырлыққа, ұшқырлыққа адалдыққа баулу.

Тәрбиелік мәні: Ұлт жанды, инабатты, іскер, мәдениетті, халқын, салтын сүйетін, тілін, дінін құрметтейтін жеке тұлға қалыптастыру, саналы азамат тәрбиелеу. Оқушылардың көру, сезіну, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, бейбітшілік, тыныштық, ынтымақтастық, достық деген ұғымдардың мән мағынасын өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың логикасын дамытып, іздендіру.

1. Әнұран орындалады.

2.

І-Жүргізуші:

Сәлем бердік, кешіміздің көрермені,

Қазақтың ол анық қой өтер кені.

Бүгінгі кешімізге қош келіңіз,

Алдыңызда 8 «Б» өрендері.

Сәлем берем халқыма,

Сәлем берем жалпыңа.

Сәлемдесу кіреді,

Ата -дәстүр салтына.

Армысыздар құрметті оқушылар, ұстаздар, қонақтар! Бүгін міне бәріміз тіл мерекесіне жиналып отырмыз. Ана тіліміз қазақ тілі. Тіл кез келген ұлттың мақтанышы, ұлттық белгісі. Ұлан байтақ жеріміз, тәуелсіз еліміз, ана тіліміз бар. Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі»деп жазған. Ата заңның талаптарын әрбір адам орындауға міндетті. Ана тілін сүйген азамат елін де, жерін де сүйеді. Әрбір азамат ана



2-Жүргізуші:

Әп. « Мен қазақтың» Оразбек Нұғаты

Жанерке:

Қасиетің, ана тіл, аз ба сенің,
Өзің барда ескіrmес, тозбас елім.
Сен болмасаң ұлы Абай ақын болып,
Мұқағали отты өлең жазбас еді.
Сен арқылы ер жеттік, ес жинадық,
өзің барда көрмедік еш қиналып,
Ақындары қазақтың тұрған кезде,

Бәрі хормен:

Туған тілім, тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтыла да сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

«Туган тіл қадірің», «Тіл тас жарады, тас жармас бас жарады» дейміз. Қ.Р -ң Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1998- жылғы 20-қаңтардағы жарлығына сай жыл сайын 22-қыркүйек «Қазақстан халықтарының тілдер күні» деп аталады. «Тіл тіршілік жүрегі» дейміз. Біздің ата -бабамыз ана тілін қастерлеп оны жоғары бағалаған, биікке көтере білген. Туган тілді жете білу әрбір адамның, азаматтың борышы мен парызы.

Сонымен қатар әдебиет зерттеуші ғалым, педагог, аудармашы, Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Алаш Орда өкіметінің мүшесі А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы.



1- Жүргізуші:

3. Біз кешімізді А.Байтұрсынұлы ағартушымыздың «Анама хат» өлеңімен бастағалы отырмыз. Орындайтын :

2- Жүргізуші:

4. Кезекті Жұбан Молдағалиев ағамыздың «Мен –қазақпын мын өліп , мың тірілеген !» өлеңі. Орындаушы Абдувахид Қ

1-Жүргізуші: Кезекті такпақтарға берейік.

Жанерке: Ей, туган тіл! Ата анамның бал тілі!

Көп нәрсе ұқтым дүниеден туган тілім арқылы.

Сұлтан: Ия, »«Досы жоқ адам, тұзы жоқ тағам» демекші досың көп болғанға не жетсін!

Ерниұр: Халқымызда «Қонақ кәде» деген болушы еді. «Өнерлі өрге жүзер» дегендей өнерлеріңіз болса, көрсете отырыңыздар.

Жамарт: Алдымен «Ауылдың алты ауызы» айталмаушы ма еді?

Міне бүгін ауылымызға қонағымызда келіп қалыпты. Бізге бүгін тіл мерекесіне әдемі әнін қзімен бірге ала келіпті. Қанеки, ортаға қонағымызды шақырайық.

Ән: «

Сұлтан : «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» дегендей ауылымызда той болып жатыр. «Қазақ тілі» мерекесі өтіп жатыр.

Ерниұр: «бір ауылда мың туысың болғанша, әр ауылда бір туысың болсын» деген.

Сұлтан: «Қонаққа кел демек бар, кет демек жоқ», жақсы отырдық қайтайық.

Жамарт: «Қырықтың бірі қыдыр» деген, келіп тұрыңыздар.

Ерниұр: «таз таранғанша той тарқар», «Тойған жерге тоғыз кел» демекші тағы келіп қатармыз.

Жамарт: «Қонағыңнан алтын алма, алғыс ал» деген қане бір бата беріп жібер.

/Бата беріледі/

Жүйрік тілді ақын бол,

Жақсыларға жақын бол,

Достарыңмен тату бол,

Душпаныңа қату бол.

Ұсақ болма ірі бол,

Өз ортаның гүлі бол.

Ата анаңның көзінің

Сөнбейтұғын нұры бол.





КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӨЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№19 Б. МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ
Б. МАЙЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА

Ақмола облысы, Б. Майлин ауданы, МҚО
Тел: 7-81-28

Ақмола облысы, Б. Майлин ауданы, МҚО
Тел: 7-81-28

БҰЙРЫҚ

20.10.21

ПРИКАЗ

№ 215

Мектепте «Алтын күз-2021»
байқауын өтізу туралы

Мектепте 4-8 сынып оқушылары арасында «Алтын күз-2021»
байқауын өткізу үшін

Бұйырамын

2021. 20 қазан күні 5 сабақтан кейін «Алтын күз-2021» байқауы
өткізілсін.

1. «Алтын күз-2021» байқауының іс-шарасын жасап, бекіттіру аға
тәлімгер Т.Имамбердиевке жүктелсін.
2. Оқушылардың қатысуын, санитарлық шаралардың сақталуын
қадағалау байқауға қатысатын сыныптардың сынып
жетекшілеріне жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие
істері жөніндегі орынбасары К.Налиевке жүктелсін.

Мектеп директоры  К.Оралова



« №19 Б.Майлин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Алтын күз-2021» байқауының іс-шара жоспары.
2020-2021 оқу жылы

К/С	Атқарылған жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ұйымдастыру кезеңі	12:20	Т.Имамбердиев
2	Қатысатын сынып оқушылары	12:30	4-8 сынып оқушылар
3	«Алтын күз-2021» байқауы	12:35	Жүргізуші Серікбай А
4	Комиссия мүшелері	13:20	Кезінде
5	Қортынды	13:30	Дир.тәрб.жөн. орынбасары

Іс-шараны түзген:



Т.Имамбердиев



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
К. Оралова.

**№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 4-8 сыныптар
арасында «Алтын күз» көрмесінің ережелері.**

1. «Алтын күз» көрмесіне 4-8 сынып оқушылары қатысады.Әр сыныптың конкурсқа қатысу үшін аты болады.Мысалы: «Алтын күз дақылдары», «Күзгі көріністер» т.б.
- 2.Конкурс басталуы алдымен жай мұғалімдер қатысып әділ қазылар алқасы сайланады (Задам)
- 3.Байқауға сынып атынан 1 оқушы қатысып,алып келген заттарын түсіндіріп береді.
- 4.Бір сыныптың алып келген затын екінші сынып пайдаланған жағдайда екі сыныптың да бағасы алынып тасталады.
- 5.Баға сынып алып келген көкөністердің санына,әсемдеу жағдайына,оқушының түсіндіріп беруіне, пісірілген тағамдардың әсемденуі мен дәміне қойылады.
- 6.Алып келген заттарын жайғастырып қою үшін 1 сыныпқа 1-2 партаға рұқсат етіледі.
- 7.Парта үстіне бір түсті ақ мата жабылуы керек.
- 8.Көрмеге қойылатын өнімдер тек өз жерімізде өндірілетін өнімдер болуы шарт (өзге елдің өнімдері қабылданбайды).
- 9.Сынып жетекшілері қатысуы шарт.

Ережені түзген:

Т.Иманбердиев.



«Алтын күз-2021» байқауы



КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№19 Б. МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ
Б. МАЙЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА

Алғашқы бағыр арысы, Б. Майлин көшесі, №50
Тел: 7-81-26

Алғашқы бағыр арысы, Б. Майлин көшесі, №50
Тел: 7-81-26

БҮЙРЫҚ
29.11.2022

ПРИКАЗ
№ 262

«Мектепте «Тұңғыш Президент күні»
мерекесін атап өту туралы»

Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу, Қазақстанның қазіргі уақыта жетіп отырған жетістіктерін, дүниежүзілік аренадағы орнын, Президентіміздің жүргізіп отырған саясатын дәріптеу мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. 29- қараша күні «Тұңғыш Президент күні» мерекесіне 1-11 сыныптарда мерекелік мерекелік тәрбие сағаттары атап өтсін.
2. 30- қараша күні мектепте «Тұңғыш Президент күні» мерекесіне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылсын. Осыған байланысты қажетті іс-шара жоспар жасалынып, бекітірілсін
3. Мерекені атап өту үшін тиісті іс-шара жоспары жасап бекітіру тәлімгер Т.Имамбердиевке жүктелсін.
4. Мерекелік іс-шара өтетін алаңды безендіру, электрмен камтамасыз ету жұмыстары директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Т. Кирбасовқа жүктелсін.
5. Мерекелік іс-шара өтетін мезгілде оқушылардың тәртібін қадағалау барлық сынып жетекшілерге, жалпы тәртіпті қадағалау төмендегі мұғалімдерге жүктелсін:

- 1) Төребеков Данияр – информатика пәні мұғалімі
- 2) Жораев Нұрбол – тарих пәні мұғалімі
- 3) Абдымуталиев Нұрбек – дене шынықтыру пәні мұғалімі
- 4) Ережепбай Шерзат – дене шынықтыру пәні мұғалімі

- 5) Қожабай Темір-матиматика пәні мұғалімі
6) Қыдыралиев Еламанқажы дене шынықтыру пәні мұғалімі
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие істері
жөніндегі орынбасарлары Қ.Налиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



К.Оралова

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қашықтықта атап өткен
«Мектепте«Тұңғыш Президент күні»» мерекесінің
30.11.2021ж

ХАТТАМА №

Қатысқандар: Мектеп оқушылар, мұғалімдер

2020 жылдың 30 қараша күні салтанатты түрде атап өтілді.

«Мектепте«Тұңғыш Президент күні»» мерекесі атап өтілді.Мектеп оқушыларын патриоттық рухта тәрбиелеу ,Қазақстанның қазіргі уақыта жетіп отырған жетістіктерін,дүниежүзілік аренадағы орнын, Тұңғыш Президентіміздің жүргізген саясатын көрсететін іс шара жасалынып бекітіп. Әр сыныпта «Тұңғыш Президент күні» мерекесіне тәрбие сағаттары болып өтті.

Мерекелік іс-шараға барлық сынып оқушылары белсене қаттысты. 6-7 сынып оқушылары билерін тамаша орындап шықты.5 сынып оқушылары тақпақтар.10 сынып оқушысы баяндама. Сүлеймен Нұрасыл ән орындады. Мереке өз дәрежесінде болып өтті.Осыдан Тұңғыш Президентімізге деген құрметті оқушылар сезіне қарауының дәлелі ретінде қарауға болады.

ДТІЖО:



К. Налиев

Аға тәлімгер:



Т. Имамбердиев

**№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім
беретін орта мектебі коммуналдық
мемлекетті мекемесіндегі
«Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президент күні»
мерекесінің сценарий.**

2021-2022 оқу жылы

1 Желтоқсан — Тұңғыш президент күні

1 жүргізуші:

Бар әлемге шын танылдық міне, біз,
Елін сүйген **Елбасы** деп білеміз.
Тең аталып Қазақстан — Нұрсұлтан
Нұрсұлтан мен Қазақстан тұр егіз.

Күнге беттеп бара жатыр көш жүріп,
Елдің даңқы бар жаһанға естіліп.
Елбасыны құрметтейтін ерекше
Армысыздар, ақ пейілді көпшілік!

2 жүргізуші: Азаттық пен елге қонды тосқан бақ,
Қазақ елін мойындауда дос таңдап.
Елбасының еңбегімен нұрлана
Қазағымның мерейі тұр аспандап.

Елі үшін олжа салып қиырдан,
Ықпаған еш ауыртпалық, қиыннан.
Мерекеңіз құтты болсын көпшілік
Елбасының құрметіне жиылған!

1 жүргізуші: Ардақты ағайын, 1991 жылы 1 желтоқсанда алғаш рет Қазақ
ССР **Президентінің** жалпыхалықтық сайлауы өтіп, ол сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаев ел **Президенті** болып сайланғаны баршамызға мәлім. Яғни, өз тағдырын өзі
айқындауға алғашқы қадам жасаған Қазақстан үшін 1 желтоқсан – мемлекеттілік
тарихының мерейлі күні саналуға орны лайықты.

2 жүргізуші: Жоғары Парламенттің бекітуімен 2012 жылы 1 желтоқсан Қазақстанда
алғаш рет – **Тұңғыш Президент** күні мемлекеттік мереке ретінде аталып өтіп, бұл
баршамыз үшін қуанышты оқиға болды. **Елбасына** деген ел құрметін айрықша
айғақтауға арналған бұл мерекенің дәстүрлік іс — шараға айналуға орны бар екенін
шынайы сезіммен айтып өтуге тура келеді. Биыл міне, тағы да осы мерекені тойлағалы
отырмыз.

Елі үшін көтеріп нар жүгін де,
Сенімі нық сезілетін үнінде.
Аты озған дүниедегі дүбірде
Нұрсұлтанмен кім мақтанбас бүгінде?!

1 жүргізуші: Қазақстан Мемлекетінің **Тұңғыш Президенті** күніне арналған мерекелік салтанатты жиын ашық деп жарияланады.

Г И М Н

2 жүргізуші: Азаттық, теңдік әлемі,
Шаттыққа елді бөледі.
Тағдыры тарих өрелі
Көк тудың желбірегені!

Көк Ту — ән. Мұхтар Әлихан
(Ту ұстаған оқушылар залдың 2 жағынан жүріп өтіп сахнаға тұрады.)
Мектеп оқушыларының монтажи

1 жүргізуші: Қазақстан Мемлекетінің **Тұңғыш Президенті** күні мерекесіне байланысты құттықтау сөз мектеп директоры К. Оралова апайға беріледі.

Қазақстан дейтін менің бар елім .
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл далада жылап келіп, уанған
Бұл даланы көріп алғаш қуанған
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!-дей келе

Мектебіміздің оқушылары сомдаған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың балалық шағынан шағын көріністі тамашалаңыздар

Көрініс қойылымы: «Әке өсиеті» Әке-Талғат, бала-Ақниет

1-жүргізуші:

Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз өсірген елімізді
Отан дейміз туған жер, атамекен
Биік тау, орман, тоғай көлімізді

2-жүргізуші:

Би 8 «Б» сынып қыздары

1-жүргізуші:

Беу, Туған жер! Сен ыстықсың біздерге.
Мыңдаған дастан жатыр Халқым басқан іздерде.

Тұнып жатқан тарихыңнан көз алмай
Даналықтың жырын жастар іздер ме?

2-жүргізуші:

Жыр жазам деп талпынады жас балаң,
Тәй-тәй басып келе жатқан жас қалам.

Жүрегінің түкпірінен шығарып

Әннен шашу болды оған міне бір арман – деп

7 «Ә» сынып оқушысы Сүлеймен Рамазанның орындауында « Егеменді Қазақстан» әнін
қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: Нұрсұлтан Назарбаев — мемлекеттігімізді орнатып, оны қалыптастырып,
экономикасын реформалау арқылы өзін де, елін де әлемге мойындатқан заманның аса
дарынды тұлғасы. Аумалы-төкпелі заманда мың өліп, мың тірілген қазақ үш ғасыр бойы
іздеген мұратына да, арманына да Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұсында жетті.

2-жүргізуші

Билік тізгінін қолына ұстаған жылдардағы Президентіміздің жарқылдаған келбетін, биік
болмысын, кемел дарынын, ел басшысы ретінде көсемдік қасиеттерін бүгінгі ұрпақ,
біздер жақсы білуіміз керек.

Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір жолына шолу жасау мақсатында «
Жылдар сөйлейді» атты сахналық қойылымды тамашалаңыздар.

Фон: Музыка қою

9 «А» орындауында «Балбырауын» күйі

1-жүргізуші:

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Ата-анасын қатты құрмет тұтқан, ұлттық дәстүрде
тәрбиеленген, халқының бар қадір-қасиетін бойына жинаған, тілін, тарихы мен
мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, жетік білетін, ұлтын жан тәнімен сүйетін,
оның мәртебесін өсіріп, халқының үміті мен сенімін, ақтап келе жатқан қалың елінің
жанашыры, мұңдасы, тағдырласы бола білген ұлтжанды азамат.

2-жүргізуші

Елбасы — халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылған, өркениетті елдердің басшылармен терезесі тең, сөйлескенде сөз алатын, елдескенде мейірімін шашатын саясаткер.

1-жүргізуші:

«Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары, үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы- бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақыты толық қанды, тәуелсіз мемлекет құрудың қасында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім- білігімді аямай жұмсаймын, қандай да тәуекелге барамын» — деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

2-жүргізуші

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік барлық Қазақстандықтар үшін аса қасиетті құндылық. Жұмыла отырып, біз тәуелсіз, өркендеген, саяси тұрақты Қазақстанды құрудамыз. «Мен өз халқымды сүйемін, оның мәні бала кезімнен сабыр мен парасатқа баулығанын мақтаныш тұтамын» деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

1-жүргізуші

Ауыр күнді артымызға тастауы –

Қиын сәтте қиындықтан қашпауы.

Тілім, дінім, ұлтым қайта көгерген,

Елбасымыз Нұрағанның бастауы

2-жүргізуші

Туды ұстап тура жолға түсіріп,

Жас Отанның өмірін де түсініп,

«Елім, жерім» деп ұрандап тайсалмай,

Бір керемет жасады-ау кісілік!

10-сынып оқушысы Қуанбай Нұрболат орындауында «Қазақ елі» әнін қабыл алыңыздар

1-жүргізуші:

Осымен мерекелік іс шарамыз аяқталды.



№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жыл» атты тақырыбында мерекесін салтанатты жиынның іс-шара жоспары.

2021-2022 оқу жылы

№	Атқарылатын іс-шаралар	Уақыты	Орындаушылар мен жауаптылар
1	Мереке өтетін жерлерді безендіру	12:00	Мектеп ұжымы
2	Ұйымдастыру кезеңі	12:10	Ұйымдастырушы педогог
3	Қонақтарды күтіп алу	12:15	Қ. Тұрғынбаев
4	Салтанатты сапқа тұрғызу	12:30	Сынып жетекшілер
5	4-сыныптарды салтанатты күтіп алу		
5	Мемлекеттік Туды алып шығу	12:35	Б.Азимбетов
6	Мерекелік жиынды ашу	12:40	ДТІЖО
7	4 сынып оқушыларын «Жас Қыран» тобына салттанатты түрде қабылдау	12:45	Оқушылар
8	Құттықтаулар	12:50	Қонақтар
9	Мерекелік іс-шара	13:20	Т. Спатаев
10	Жиынды жабу,	13:30	ДТІЖО
11	Қонақтарды шығарып салу.	13:40	Қ. Тұрғынбаев

Аға тәлімгер:

Т.Имамбердиев

КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№19 Б. МАЙЛЫН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ
Б. МАЙЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА

Ақпарат: Ғарыш арыты, Б. Майлына - атымен, №19
Тел: 1-01-26

Ақпарат: Ғарыш арыты, Б. Майлына - атымен, №19
Тел: 1-01-26

БҰЙРЫҚ

10. 12. 2012

ПРИКАЗ

№ 261

**«Мектепте Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын
атап өту туралы»**

Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу, Қазақстанның қазіргі уақыта жетіп отырған жетістіктерін, дүниежүзілік аренадағы орнын, Президентіміздің жүргізіп отырған саясатын дәріптеу мақсатында

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын лайықты қарсы алу мақсатында мектепте түрлі байқаулар, көрмелер, спорттық жарыстар ұйымдастырылсын.
2. 1-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған «Тәуелсіздік-орыңдалған арман. Қазақстан жолы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілсін.
3. 15 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын ұйымдастырылсын.
4. Мерекелік іс-шаралардың жоспарын жасап бекітіру ұйымдастырушы педагог С. Алимбековаға, аға тәлімгер Т. Имамбердиевке жүктелсін.
5. Мерекелік іс-шара өтетін алаңды безендіру, электрмен қамтамасыз ету жұмыстары директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Т. Кирбасовқа жүктелсін.

КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№19 Б. МАЙЛІНІҢ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ
Б. МАЙЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕСКОГО
РАЙОНА

Аттестат: Сертификат, Е. Майлина - выпуск, №19
Дат: 1-01-20

Аттестат: Сертификат, Е. Майлина - выпуск, №19
Дат: 1-01-20

БҰЙРЫҚ
10. 12. 2020

ПРИКАЗ
№ 261

**«Мектепте Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын
атап өту туралы»**

Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу, Қазақстанның қазіргі уақыта жетіп отырған жетістіктерін, дүниежүзілік аренадағы орнын, Президентіміздің жүргізіп отырған саясатын дәріптеу мақсатында

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын лайықты қарсы алу мақсатында мектепте түрлі байқаулар, көрмелер, спорттық жарыстар ұйымдастырылсын.
2. 1-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған «Тәуелсіздік-орындалған арман. Қазақстан жолы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілсін.
3. 15 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын ұйымдастырылсын.
4. Мерекелік іс-шаралардың жоспарын жасап бекітіру ұйымдастырушы педагог С. Алимбековаға, тәлімгер Т. Имамбердіевке жүктелсін.
5. Мерекелік іс-шара өтетін алаңды безендіру, электрмен қамтамасыз ету жұмыстары директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Т. Кирбасовқа жүктелсін.

5. Салтанатты жиын өтетін мезгілде оқушылардың тәртібін қадағалау барлық сынып жетекшілерге, жалпы тәртіпті қадағалау төмендегі мұғалімдерге жүктелсін:

- 1). Төрбеков Данияр – информатика пәні мұғалімі
- 2). Жораев Нұрбол – тарих пәні мұғалімі
- 3). Абдымуталиев Нұрбек – дене шынықтыру пәні мұғалімі
- 4). Ережепбай Шерзат – дене шынықтыру пәні мұғалімі
- 5). Қожабай Темір – математика пәні мұғалімі
- 6). Байбатыров Ғабит – құқық пәні мұғалімі.

6. Мерекелік іс-шара уақытында оқушылардың ден-саулықтарын, көңіл-күйлерін қадағалап отыру медбике Р.Мамашоваға, педагог-психолог А.Жакиповқа және әлеуметтік педагог Ұ.Дилдабаеваға міндеттелсін.

7.Мереке күндері құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі және күндізгі кезекшілік ұйымдастырылсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары Қ.Налиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін.



Мектеп директоры

К. Оралова

**№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім
беретін орта мектебі коммуналдық
мемлекетті мекемесіндегі**

**«Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігіне 30 жыл» атты
мерекелік кештің сценарий.**

2021-2022 оқу жылы

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық

Армысыздар ұлағатты ұстаздар мен оқушылар, жиналған көпшіл
ауым! Бүгінгі «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық» атты
мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы алып шығады. Б. Азимбетов

ӘНҰРАН

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті
Тәуелсіз Қазақстан – елім менің
Мектебіміздің директоры К. Ораловаға сөз береміз

2ж. Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт
түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті
мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 30 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін
қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өткізіп келеміз. Осы
кезеңде Қазақстанды дүние дидаһындағы ең мықты мемлекеттер танытындай,
сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан
Назарбаевтай көргенді саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда
айтып өтеміз.

1ж. Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке
деп білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата -
бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті.

2ж. Ал енді 4 сынып оқушыларын «Жас Қыран» ұйымына салтанатты түрде
қабылдау үшін 4 сынып оқушыларын қарсы аламыз.

«Жас Қыран» ұйымына қабылдау рәсімі

1 ж. Сен аялап тағзым етпей бұл алаңның өлеңнен өтпендер

Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел

Бұл жер қалқам асқақ рух жарылысы өткен жер

Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер

2ж. Ерте есейген ару қызды шаштан сүйреп тепкен жер

тты мұнда естен танып күзге айналған көктемдер
ан шетін қоршап тұрған шыршаларға ала көк
ас бүлдіршін сезімді жанар етіп қарап өт
*1ж.Ендеше еліміздің кешегісі мен бүгнігісінің тарихынан хабардар
болайық.Баяндама:Абдукәрім Ұлту*

1ж.Сол арадан сатқындық та елестейді қара бет
Қара беттің көбі бүгін дара тұлға дара бет
Жас бүлдіршін мұз құрсаңған шыршаларға қарап өт
Заманыңның жеңісі мен жеңілісін санап өт

2ж. Тәуелсіз еліме 30-жыл
Ұлан байтақ неткен жер
Дәнді дақыл еккен жер
Жеттік міне арманға
Қазақстан ерікті ел!

1ж.Би:9 «Ә» сынып Күй

2ж.Талай боздақ өткен жер

Маңдай терін төккен жер

Тәуелсіздікке қолы

Қиындықпен жеткен жер

Ән: Бұхарбек А «Алға Қазақстан!»

1ж.Салт-дәстүрін қазақтың

Жаңғыртайық жасайық

Үлгі етіп ұл-қыздарға

Үлкен үміт артайық

2ж.Би: 9 «Ә» сынып қыздары

1ж.Тілді сыйлап шұбарлатпай

Қастерлейік халайық

Қазақ тілін дамытуға

Күшімізді салайық

2ж.Мен –қазақтың кенелген мол мұраға

Алтын арқау мол бақыт сол мұрада

Татулық пен бірлікті ту ететін

Ақ үкіні байлаған домбыраға

Қыран» ұйымына қабылдау рәсімі.

Тәуелсіздің бақ боп келді өңірде
Анышты күй сыйлайды көңілге
Алға ұмтыл биіктерді бағындыр
Енді міне қуан қазақ өмірге!

2ж. Мен қазақпын ақ жүректен жаралған
Адамдары жақсылықтан құралған
Инабатты ұлдары мен қыздары

Алтын күннен шуақ болып таралған
1ж. Домбырасын досындай сөйлететін
Сәбилерін бесікте тербететін

Ақыл қосып сөзінен ата-ананың
Өн-күй тыңдап рухатнып ержететін

2ж. Көрініс

1ж. Қазақпыз ғой мұратқа жете білген
Қазақтықты асқақ ту етемін мен
Өлі талай көрінем биіктерден

Қараңғыны қақ жарып өтемін мен

2ж. Мен-қазақ өр рухым, асқақтаған

Далам, үйім жеті қат аспан панам

Қазақ деген халықпыз қайсар мінез

Тура келсе жауына қас қақпаған

2ж. Мен –қазақпын кенелген мол мұраға

Алтын арқау мол бақыт сол мұрада

Татулық пен бірлікті ту ететін

Ақ үкіні байлаған домбыраға

1ж. Көкбөрімін ешкімге ұстатпаймын

Алғаш болып әрқашан топ бастаймын

Мен қазақ қазақпын мақтанамын

Қазақтықтан ешқашан бас тартпаймын

1ж. 30 жыл міне толып отыр

Егеменді еліме

...сын бөтен елдер
...ен жеріме
...қазақтың күш алған ғарыштан көп
...кезден желменен жарыскам көп
...сыма тигісі келгендерге
...етте ақ кетемін арыстан боп.
«Осымен біздің «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық»
...ты мерекелік мерекелік кешімізге кешіміз аяқталды.Көріп
...тамашалағандарыңызға үлкен рахмет!

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде салтанатты түрде атап
өткен «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30жылдық
мерейтойы» мерекесінің

15.12.2021ж

ХАТТАМА №

Қатысқандар: Ата-аналар, мектеп оқушылар, мұғалімдер

2021 жылдың 15 желтоқсан күні мерекесі салтанатты түрде атап өтілді.

«Мектепте» «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30жылдық мерейтойы» мерекесі атап өтілді. Мектеп оқушыларын патриоттық рухта тәрбиелеу, Қазақстан тәуелсіздік алу үшін ата бабаларымыздың қаншама батырлар мен ақын – жазушылардың құрбан болғандарын дәріптеп, болашақ ұрпаққа тәуелсіздік оңай жолмен келмегенін дәріптеп, ұғындыру және Қазақстан қазіргі уақытта жетіп отырған жетістіктерін, дүниежүзілік аренадағы орнын білу. Дүйсенбі күні барлық сынып жетекшілер тәрбие сағаттарында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30жыл» мерекесіне арналған тәрбие сағаттары болып өтті. Осы мереке қарсаңында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйым мүшелеріне салтанатты түрде қабылдау рәсімі болды. 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасын» 11-9 сынып оқушылар көрніс құру алқыл сол кездегі болған оқиғаларды көрсете алды. Оқушылар мерекеге жақсы дайындалып өздері түрлі тақпақтар мен өлең шумақтарын айтты. «30 үздік Көшбасшы» атты тақырыбында мектебіміздің 1-11 сыныптағы белсенді оқушыларын мектеп әкімшілігі тарапынан «Мақтау» қағаздары мен марапаттап өтті.

ДТІЖО:



Қ. Налиев

Аға тәлімгер:

Т. Имамбердиев



КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№19 Б. МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ
Б. МАЙЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА

Ақпараттық байланыс орталығы, Б. Майлин көшесі, №50
Тел. 7-81-26

Ақпараттық байланыс орталығы, Б. Майлин көшесі, №50
Тел. 7-81-26

БҮЙРЫҚ

12.04.22н

ПРИКАЗ

№ 66

«Мектепте «Ғарышкерлер күні»
мерекесін атап өту туралы»

Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу, Қазақстанның қазіргі уақыта жетіп отырған жетістіктерін, дүниежүзілік аренадағы орнын, Президентіміздің жүргізіп отырған саясатын дәріптеу мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. 11- сәуір күні «Ғарышкерлер күні» мерекесіне 1-11 сыныптарда мерекелік мерекелік тәрбие сағаттары атап өтсін.
2. 12- қараша күні мектепте «Ғарышкерлер күні» мерекесіне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылсын. Осыған байланысты қажетті іс-шара жоспар жасалынып, бекітірілсін
3. Мерекені атап өту үшін тиісті іс-шара жоспары жасап бекітіру тәлімгер Т.Имамбердиевке жүктелсін .
4. Мерекелік іс-шара өтетін алаңды безендіру, электрмен қамтамасыз ету жұмыстары директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Т. Кирбасовқа жүктелсін.
5. Мерекелік іс-шара өтетін мезгілде оқушылардың тәртібін қадағалау барлық сынып жетекшілерге, жалпы тәртіпті қадағалау төмендегі мұғалімдерге жүктелсін:

- 1) Төребеков Данияр – информатика пәні мұғалімі
- 2) Жораев Нұрбол – тарих пәні мұғалімі
- 3) Абдымуталиев Нұрбек – дене шынықтыру пәні мұғалімі
- 4) Ережепбай Шерзат-дене шынықтыру пәні мұғалімі

- 5) Қожабай Темір-матиматика пәні мұғалімі
- 6) Қыдыралиев Еламанқажы дене шынықтыру пәні мұғалімі
- 6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары Қ.Налиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін.

Мектеп директорының
міндетін уақытша атқарушы:



А. Асилбекова



«Бекітемін»
Мектеп директоры
міндетін уақытша атқарушы
А. Асилбекова

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Ғарышкерлер күні»
мерекесін атап өту үшін жасалған іс-шара жоспары.
2021-2022 оқу жылы.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Уақыты	Орындаушылар мен жауаптылар
1	Ұйымдастыру кезеңі	12.40	Мектеп әкімшілігі.
2	Мерекеге арналып шығарылған қабырға газеттерін көріп шығу	12:45	Мек дирекциясы.
3	Мерекелік жиналысты ашу	12.50	Мек дирекциясы.
4	Мерекеге арналған баяндама	12.55	А.Сапарбек
5	Мерекелік құттықтаулар	13.00	Мек.дир.кәс.од.ата-аналар.оқушы.
6	Концерттік қойылымдар	13.05	Көркем өнерпаздар.
7	Салттанаты мерекені жабу	13.15	Мек.дир

Іс-шараны түзген мектеп тәлімгері:

Т. Имамбердиев

**№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім
беретін орта мектебі коммуналдық
мемлекетті мекемесінде
«Ғарышкерлер күні»
мерекесінің сценарий.**

2021-2022 оқу жылы

Армысыздар құрметты ұстаздар мен оқушылар

1961 жылы 12 сәірде қазақ даласындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ішіне адам отырғызылған ғарыш кемесі ұшырылды.

Ю.А.Гагарин әлемде тұңғыш рет ғарышқа сапар шекті.Космодром құрылысы 1955 жылы басталып,1957 жылы мамыр айында пайдалануға

берілді.«Байқоңыр» қазақ тілінде бай,алтын жер деген мағнаны білдіреді.

Қазақтың осы бай алтын жерінен бірнеше комос карабльдері ұшырылды.

1991 жылы 2-10 қазан аралығында Талғат Мусабаев пен Тоқтар Әубәкіров «Союз-ТМ -13» кораблімен «Мир» стансасында ұшу сапарын жасады.

1-жүргізуші.

...Неліктен

Жуық жұлдыз ұран бізге?

Неліктен

Жыр арқауы – қыран түзде?

Неліктен

Сұлулықтың асқар бөрі?

Неліктен

Жауап берер жырауды ізде.

2-жүргізуші.

Суарып дариялар даламызды,

Жарықпен жайнатады қаламызды

Жүрек-Жер айналады ұршығындай

Шүйкедей ширатып сай-саламызды.

Күйінсең

Қиялы ұшқыр жандай күйін

Ғарышта

Жермен бірге самғайды үйің

Кемескі-

Бір көрініп,

Бір жоғалған-

Жұлдызға жол салудос қандай қиын.

Баяндама. «Халық қаһармандар» (Т. Өубәкіров пен Т. Мусабаев
1-хүрғиші.

Болмаған кезде сәуле жарық елде,
Ұштасып бәрімен де,
Өріменде
Нұр болып түн түнекті түріп тастау
Қиындау,
Қиынырақ бәрінен де.

«Жер серігі- Ай» суреттер көрмесі. (2 топ өздерінің салған суреттерін
түсіндіріп, қорғайды. мазмұндылығы, өзектілігі.).

5. «Тапқырлар, білгірлер» галактикадағы жаңалықтарға шолу.

1. 1961 жылы 12 сәуір күні қазақтың ғарыш алаңы «Байқоңырдан» ұшқан
Юрий Гагарин жер шарын айналып шықты. Жерге оралғаннан кейін айтқан
оның бірінші сөзі мынадай: «Мен осы планетаның тұрғынымын».

2. 1961 жылы 5 мамырда американдық Шеперд атмосферадан жоғары
көтерілді.

3. 1969 жылы 20 шілдеде бірінші рет Ай бетіне Америка ғарышкері
Нил Армстронг із тастады.

4. 1975 жылы 15 шілдеде Америка және Кеңес Одағының ғарышкерлері
ғарышта бірінші рет қол алысып амандасты.

5. 1990 жылы ғарыш зонды «Улисс» ұшырылды, ал қазір бізге жақын жұлдыз
Күнді зерттеумен айналысып жатыр. Оның көмегімен Күннің оңтүстік
полюсінен шығатын газ ағыны 300 млн. км/сағ жылдамдықпен
қозғалатыны анықталды.

6. 2015 жылы «Вояджер» соңғы рет жермен байланысқа шығады, сонда
ол күн жүйесі маңайынан алынған барлық информацияны жерге жібереді.

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қашықтықта атап өткен
«Ғарышкерлер күні» мерекесінің

01.10.2021ж

ХАТТАМА №

Қатысқандар: Мектеп оқушылар, мұғалімдер

2022 жылдың 12 сәуір күні мектепте мектеп директорының №88 бұйрығыны негізінде «Ғарышкерлер күні» мерекесіне арналған іс-шара жасалынып, талапқа сай атап өтілді. Оқушыларға ғарыш әлемі, Байқоңыр ғарыш айлағы, ғарышкерлер күні туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіровтің ерлігі жайлы айта отырып, балалардың ғарыш әлеміне қызығушылықтарын арттыру мақсат қойылған. Барлық сыныптарда қабырға газеттері тақырыпқа сай жасалынып ілінді. Сонымен қоса, «Ғарышкерлер күні» мерекесіне мектеп оқушылары түрлі тақпақтар мен әндерін орындады. Мерекелік іс-шара өз дәрежесінде өтілді.

Аға мұғалімдер:

Т. Имамбеглиев

«Ғарышкерлер күні» мерекесі



